



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M04202 –Халықаралық құқық»
 - (бейіндік)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Қазіргі заманғы пәндік, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттілікке, құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың жоғары деңгейіне ие, құқықтық актілерді кәсіби қолдануға, халықаралық құқық саласындағы күрделі мәселелерді шешуге қабілетті халықаралық құқық саласында маман даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Қазақстан Республикасында және шет елдерде мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау; құқықтық қатынастарды шарттық-құқықтық реттеу; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметін құқықтық қамтамасыз ету.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – халықаралық құқық мәселелерін шешудің жаңа ғылыми тұжырымдамаларын пәнаралық контексте қолдану;

ОН2 – ҚР сыртқы саясатына және Қазақстанның шет елдермен ынтымақтастығына әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни бағалау, жаңа ойларды түрлендіру;

ОН3 - заң қызметінің нақты түрлерінде білікті заң қорытындылары мен кеңестер беру;

ОН4 – ҚР қолданыстағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге қатысу;

ОН5 – корпоративтік менеджментті жүзеге асыра отырып, топта және жеке жұмыс істеу;

ОН6 - сендіру, сыни ойлау, қарым-қатынас қабілеттерінің дағдыларын меңгеру, дербес шешімдер қабылдау және өз ұстанымдарын қорғау;

ОН7 - шет тілінде кәсіби қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру.

ОН8 - ҚР және шет елдердің құқықтық актілерін және халықаралық шарттардың нормаларын талдау және түсіндіру.